

**Орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін  
көрсетудің үлгілік шарты**

Білім беру ұйымдары Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп–гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

(білім беру ұйымының толық атауы)

мен баланың ата-анасы (заңды өкілі) арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеу мақсатында бұдан әрі (білім беру ұйымының (бұдан ары – ББ)) директорының атынан, \_\_\_\_\_ Айгуль Есеновна Рамазанова \_\_\_\_\_ бекітілген (тегі, аты, әкесінің аты)

ББ ұйымының Жарғысы негізінде Астана қаласы Ш.Айманов көшесі, 3-үй бір жағынан және көрсетілген мекен жай бойынша тұратын:

білім алушының \_\_\_\_\_

(Баланың тегі, аты, әкесінің аты туған күні, ЖСН)

ата-анасы (немесе заңды өкілі) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) екінші жақтан, төмендегілер туралы осы шартты жасады.

**1. Шарттың мәні**

1. Осы шарт білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, заңды өкілі немесе кәмелетке толмаған тұлғалар арасында білім алушы (тәрбиеленуші) білім беру ұйымында оқу (болу) кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, білім алушыны (тәрбиеленушіні) тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік механизмін белгілей отырып өзара қарым-қатынасты реттейді.

**2. Орта білім беру ұйымының құқықтары мен міндеттері**

2. Орта білім беру ұйымы:

- 1) білім алушыны білім беру ұйымының жарғысымен, білім беру қызметімен айналысуға орналған лицензиясымен, ішкі тәртіп ережелерімен және білім беру ұйымына қабылдау тәртібін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілермен, оқыту-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру бойынша негізгі құжаттармен таныстыруға;
- 2) білім беру ұйымдарының кітапханаларының ақпараттық ресурстарға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға еркін қолжетімділік мен қолдануды қамтамасыз етуге;
- 3) білім беру ұйымдарының басшылары бекіткен, жеке ережелерде көзделген қарастырылған тәртіппен және шарттарда оқу бағдарламаларының шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін білім алушының компьютер техникасымен қолдануына мүмкіндік беруге;
- 4) білім алушыны оның ата-анасының немесе заңды өкілдерінің өтініші бойынша білім алушылардың санынан шығаруға және қайта қабылдауға;
- 5) білім алушының ата-анасының (заңды өкілінің) өтініші негізінде мектептен мектепке ауыстыруға;
- 6) білім алушыларға (негізгі білім беру қызметінің шегінен тыс) қызығушылықтары бойынша үйірмелер, коммерциялық және коммерциялық емес негізде спорттық секцияларға қосымша білім беру қызметтерін ұсынуға құқығы бар.

3. Орта білім беру ұйымы:

- 1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес білім алушыны оқытуды қамтамасыз етуге;
- 2) білім беру ұйымының (бұдан әрі - БҰ) бұйрығы негізінде білім беру ұйымының оқушылар қатарына қабылдауға;
- 3) білім алушыны оқытуға, тәрбиелеу мен оның шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оңтайлы жағдай жасауға;
- 4) білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуді, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген санитарлық-гигиеналық іс-шараларды жүзеге асыруға;
- 5) білім алушылардан, ата-аналардан (немесе заңды өкілдерінен) БҰ Жарғысын, БҰ ішкі тәртіп қағидаларын және оның қызметін реттейтін БҰ басқа да актілерін орындауын талап етуге;
- 6) білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемін және қолданыстағы нормативтерге сәйкес үзілістерді қоса алғанда сабақтардың күн тәртібін белгілеуге, білім алушылардың салауатты, қауіпсіз білім алуына жағдай жасауға;
- 7) білім алушылардан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13085 тіркелген) міндетті мектеп формасының талаптарын сақтауды талап етуге;
- 8) білім алушылардың өмірін қорғауды, физиологиялық және психологиялық денсаулығын нығайтуды; оның интеллектін, дене және жеке дамуын қамтамасыз етуге;
- 9) Шартты бұзылған жағдайда білім алушыға түскен кездегі құжаттарын қайтарып беруге;
- 10) білім алушының келісімінсіз және оның оқу процесіне зиян келтіретін болса қоғамдық және басқа да тапсырмалар орындауға тартуға жол бермеуге;
- 11) толық оқу курсынан сәтті аяқтағаннан кейін және қорытынды аттестаттау өту нәтижелері бойынша сәтті аяқтағаннан кейін білім туралы құжат беруге құқығы бар.
- 12) Мектеп оқушының бағалы, құнды заттарына (ұялы телефон, планшет, ноутбук, т.б.) жауапкершілік алмайды;

**3. Ата-ана (немесе заңды өкілінің) құқықтары мен міндеттері**

4. Ата-ана (немесе заңды өкіл) құқылы:

- 1) баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағыттары бойынша БҰ өзара іс-қимыл жасауға;

- 2) Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған оқыту-тәрбиелеу процесін іске асыруға қатысуға;
- 3) ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі, ата-аналар жиналыстарының шешімін орындауға;
- 4) ата-аналар комитеті арқылы БҰ басқармасы органдарының жұмысына қатысуға;
- 5) өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайына қатысты ақпаратты алуға;
- 6) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту және тәрбиелеу проблемалары бойынша консультативтік көмек алу;
- 7) шарт негізінде оқушылардың қосымша қызметтерді алуға құқығы бар.

5. Ата-ана (немесе заңды өкілі):

- 1) білім беру ұйымының жарғысын және осы шарттың ережесін сақтауға;
- 2) тәрбиелеуге, оқытуға және баланың білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасауға жауапты болуға;
- 3) ата-аналар жиналысына баруға, қажет болған жағдайда оқу-тәрбие процесі және нақты педагогикалық көмек көрсету бойынша жеке педагогикалық әңгімелесу үшін әкімшіліктің немесе мұғалімдердің шақыруы бойынша білім беру ұйымына баруға;
- 4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13085 болып тіркелген);
- 5) білім алушыны қажетті кеңсе жабдықтарымен және спорт формасымен қамтамасыз етуге;
- 6) сабақта баланың болмауы жөнінде білім беру ұйымын хабардар етуге;
- 7) ҚР заңнамасына сәйкес білім беру ұйымына оқушының кінәсімен келтірілген материалдық залалды қайтаруға міндетті.

#### 4. Тараптардың жауапкершілігі

6. Осы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны үшін немесе тиесілі орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

#### 5. Дауларды шешу тәртібі

7. Осы шартты орындау процесінде туындаған келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлы шешімдерге келу мақсатында тікелей тараптардың өздері шешеді.

8. Тараптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

#### 10. Форс-мажор

9. Су тасқыны, өрт, басқа табиғи апаттар, соғыс немесе соғыс қимылдары сияқты форс-мажорлық жағдай кезінде, сондай-ақ саналы шектерде тараптардың бақылауынан тәуелді болмайтын және шартты жасаудан кейін пайда болған басқа кез-келген жағдай кезінде тараптардың жауапкершілігі басталмайды. Алайда, бұл қағида егер форс-мажорлық жағдайға тап болған тарап дәлелдер ұсынса және форс-мажордың басталу сәтінен бастап үш тәуліктен кешіктірмей басқа тарапты хабардар етсе ғана күшіне енеді.

10. Билік пен басқару органдарының тараптардың тым болмаса біреуінің осы шарт міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейтін актілерді қабылдауы да тараптардың бақылауына тәуелді болмайтын жағдайлар ретінде танылады.

11. Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық жағдайлар мен олардың зардаптарының әрекет ету мерзіміне сәйкестендіріле отырып ауыстырылады.

#### 7. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі

12. Осы шарт тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және оның толық орындалуына дейін жарамды. Жаңа шарт жасаған кезде жаңа келісім жасасу кезінде белгіленген шарттар қолданыста болады.

13. Осы шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертілуі мүмкін.

14. Тараптар арасындағы шарттық қатынастарды тоқтату білім беру ұйымының басшысының тиісті бұйрығын жариялау мерзімі болып табылады.

15. Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен үш данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

16. Осы шарттың тараптары «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабында және тараптардың - білім беру ұйымдары мен ата-аналардың (заңды өкілдері) келісімі бойынша бекітілген білім беру ұйымдарындағы оқушылардың құқықтары мен міндеттерін сақтау жөніндегі міндеттемелерін растайды.

#### Осы шартқа қол қойған тараптар

Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК  
(ББҰ атауы)

Мекен-жайы: Астана қаласы  
Ш.Айманов көшесі - 3-үй  
«Білім беру ұйымының» басшысы  
Айгуль Есеновна Рамазанова  
(Т.А.Ә.)

Қолы \_\_\_\_\_  
Мөр \_\_\_\_\_

«Ата-ана (заңды өкіл)»

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. (болған жағдайда))  
Мекен-жайы: \_\_\_\_\_

Паспорт мәліметтері: \_\_\_\_\_  
жұмыс орны: \_\_\_\_\_  
лауазымы: \_\_\_\_\_  
Байланыс мәліметтері \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_